

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 22 қаңтар N 75

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес, маңызды қорғану функцияларын орындайтын әрі ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациялық құндылығы бар Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының Ертіс өңіріндегі бірегей қарағайлы ормандарды сақтау және қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1 . М ы н а л а р :**

1) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің Бегенев, Бородулиха, Бөкебай, Долон, Жаңасемей, Жарма, Канонер, Морозов, Новошұльба және Семей орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерін қосу жолымен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Семей орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты" мемлекеттік мекемесі;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің Бесқарағай және Шалдай орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерін қосу жолымен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты" мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылсын.

**2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :**

1) құрылатын мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекітсін және оларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Құрылатын мемлекеттік мекемелердің жерлері - ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері санатына, ал осы аумақтардағы ормандар - "мемлекеттік табиғи резерваттардың ормандары" - қорғалу санатына жатқызылсын.

4. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен құрылатын мемлекеттік мекемелер жерінің шекараларын айқындауды қамтамасыз етсін.

5. Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының әкімдіктері құрылатын мемлекеттік мекемелердің жерлерін ерекше қорғауды қамтамасыз ету мақсатында осы аймақ шегінде мемлекеттік табиғи қорық қоры объектілерін сақтауға және өсімін молайтуға теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым сала отырып, көрсетілген жерлердің сыртқы шекарасы бойымен қорғау аймағын белгілесін.

6. Құрылатын мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұстауға тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

7 . < \* >

*Ескерту. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен .*

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*